

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
КЕАК «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті»

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қарағанды облысының Әділет департамент
басшысының м.а.

«21» 04 2023 ж. Қ.Б.Рахымбергенов

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қарағанды облысы және Ұлытау облысы бойынша
Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті
бастығы әділет полковнигі

«21» 04 2023 ж. Б.Е.Шакиров

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қарағанды облысы кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі
Мамандандырылған ауданаралық соты төрайымы

«21» 04 2023 г. Д.М.Мутубаева

«КЕЛІСІЛГЕН»

Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау жөніндегі
Қазақстандық заңықаралық бюроның Қарағанды филиалы директоры

«21» 04 2023 ж. Ю.А.Гусаков

«БЕКІТІЛГЕН»

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды
университеті КеАК басқарма төрағасы-ректоры
Н.О.Дулатбеков

«30» 05 2023 ж.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М04206 – Құқықтану

Деңгей: магистратура (ғылыми және педагогикалық бағыт)

Қарағанды 2023

Мазмұны

№	Бөлім атауы	Беттер
1	1-нысан. Білім беру бағдарламасының паспорты	3
2	2-нысан. Құзыреттіліктер негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау	5
3	3-нысан. Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау	7
4	4-нысан. Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы	9
5	6-нысан. Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу (ЖОН)	25
6	7-нысан. Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері	27
7	8-нысан. Түлек моделі	30

Білім беру бағдарламасының паспорты

№	Параметр атауы	Сипаттамасы
1	Білім беру бағдарламасының коды және атауы	7M04206 – Құқықтану
2	Білім беру саласының коды және жіктелуі, дайындық бағыттары	7M04 – Бизнес, басқару және құқық 7M042 – Құқық
3	Білім беру бағдарламаларының тобы	M078 – Құқық
4	Кредиттер көлемі	120 академиялық кредит
5	Оқыту түрі	Күндізгі
6	Оқыту тілдері	Қазақ, орыс
7	Берілетін дәреже	Заңдық ғылымдар магистрі
8	Білім беру бағдарламасының түрі	Жаңа
9	БСХСЖ бойынша деңгей	7
10	ҰБШ бойынша деңгей	7
11	СБШ бойынша деңгей	7
12	Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	-
13	Кадрларды даярлау бағытына арналған лицензияға қосымшаның нөмірі	KZ83LAA00018495 28.07.2020 ж., қосымша 016
14	Аккредиттеу органының атауы және білім беру бағдарламасын аккредиттеудің қолданылу мерзімі	Білім берудегі сапаны қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз агенттік 08.11.2027 ж.
15	Білім беру бағдарламасының мақсаты	Мемлекеттік, құқыққорғау органдарында, ғылыми, білім беру және үкіметтік емес ұйымдарда қызметті жүзеге асыру үшін кәсіби, практикалық, сандық құзыреттері мен зерттеу дағдылары бар заң кадрларының жаңа буынын даярлау.
16	Түлектің біліктілік сипаттамасы	а) судья, прокурор, тергеуші, заңгер, заңгердің көмекшісі, нотариус, адвокат, ғылыми қызметкер, жергілікті мемлекеттік басқару органдарының, халықаралық, ұлттық компаниялардың жоғары және орта буынының басшысы, маманы, сарапшы, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының оқытушысы, аға оқытушысы, жеке кәсіпкер.

		<p>ә) сот, прокуратура, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, нотариаттық палата, мемлекеттік билік пен басқарудың өкілді және жергілікті органдары, халықаралық және ұлттық компаниялар, кәсіпкерлер палатасы, арнаулы орта және жоғары оқу орындары, мемлекеттік емес ұйымдар, ғылыми-зерттеу институты.</p> <p>б) құқықшығармашылық, құқыққолдану, құқыққорғау, сарапшы-кеңесшілік, ұйымдастырушылық-басқармалық, ғылыми-зерттеу, білім беру қызметі.</p> <p>в) сот төрелігі, қадағалау, қоғамдық тәртіпті қорғау, бақылау, басқару, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, бизнесті заңдық қамтамасыз ету, нотариаттық іс-әрекеттер, заңдық көмек, сотта құқықтарды қорғау және өкілдік ету, сараптама, оқытушылық, зерттеу, кәсіпкерлік.</p>
--	--	---

Құзыреттілік негізінде оқыту нәтижелерін тұжырымдау

Құзыреттілік түрлері	Оқу нәтижесінің коды	Оқу нәтижесі (Блум таксономиясы бойынша)
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	ОН 1	Кәсіби, іскерлік және ғылыми қызмет саласында мемлекеттік және шет тілдерді еркін пайдалана алады.
	ОН 2	Мемлекеттік органдар, мемлекеттік және жеке ұйымдар жүйесінде басқару функцияларын жүзеге асырады; ұжымда міндеттерді басқару және бөлу кезінде стратегиялық ойлау, шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді.
	ОН 3	Ғылым тарихы мен философиясы, жоғары мектеп педагогикасы, басқару психологиясы, кәсіби қызмет саласындағы дәстүрлі және заманауи мәселелерінің теориялық, әдіснамалық негіздері туралы білімін қолданады.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills)	ОН 4	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында және қылмыстық сот ісін жүргізуде зерттеу және практикалық міндеттерді шешу барысында IT-технологияларды пайдаланады.
	ОН 5	Конституциялық даму моделін қалыптастыру үрдістері мен шарттарын талдайды; жеке тұлғаның мәдени құқықтарын іске асыру және оның инновациялық әлеуетін дамыту үшін электрондық ақпараттық сервистерді пайдаланады.
	ОН 6	Бизнес, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу саласындағы деректерді талдау және басқару құралдарын меңгерген, технологиялар мен ақпараттық деректер банкін пайдалана отырып сандық ортада жұмыс істеу дағдыларын көрсетеді.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	ОН 7	Нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалары мен жобаларын әзірлеу дағдыларын, арнайы заңдық техниканы меңгереді, бизнес-ортаға заң мәселелері бойынша кеңес береді, азаматтық туралы істер, ұлттық қауіпсіздік, азаматтар мен ұйымдардың мәдени құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша практикалық жағдайларға заңнама нормаларын қолданады.
	ОН 8	Қазіргі заманғы құқықтық жүйелердің интеграциясы мен конвергенциясы жағдайында қылмыстық саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын, туындайтын мәселелерді шешу жолдарын талдайды, ұлттық қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, дәлелдеу теориясын, криминология мен криминалистиканы жетілдіруді бағалайды.

	ОН 9	Конституциялық даму модельдері, конституциялық әділет жүйесі және Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін жаңғырту туралы білімін түсіндіреді; конституциялық, қылмыстық, азаматтық, отбасылық, әкімшілік, іс жүргізу заңнамасын жетілдіруді негіздейді.
	ОН 10	Құқықшығармашылық процестің, заңнаманың, құқыққолданудың, құқықтық мәдениеттің, мемлекеттік басқарудың сервистік моделі жағдайындағы мемлекеттік қызметтің, мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің теориясы мен практикасын жетілдіру жолдарын бағалайды.
	ОН 11	Шетелдік құқықтық жүйелерді, халықаралық-құқықтық ұйымдарды, еуразиялық-құқықтық институттарды зерттеуде салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін пайдаланады, қазіргі заманғы құқықтық дамудың мазмұны мен мәселелеріне, ЕАЭО және Қазақстан Республикасының заңнамаларына ғылыми талдау жүргізеді.
	ОН 12	Азаматтық-құқықтық қатынастарды, азаматтық істердің жекелеген санаттарын реттеу саласындағы мәселелерді бағалайды, отбасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік саласындағы азаматтық заңнама нормаларын қолданады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу саласындағы практикалық мәселелерді шешу дағдылары мен біліктілігін тәжірибеден өткізеді.

Оқыту нәтижелеріне сәйкес пәндер модульдерін анықтау

Оқыту нәтижесінің коды	Модуль атауы	Пәндер атауы	Көлемі (ECTS)
ОН 3	Әлеуметтік-гуманитарлық білімнің философиялық-тарихи аспектілері және кәсіби тілдер	Ғылым тарихы және философиясы	4
ОН 3		Жоғары мектеп педагогикасы	4
ОН 2		Басқару психологиясы	4
ОН 1		Шет тілі (кәсіби)	4
ОН 3, ОН 5, ОН 7		Педагогикалық практика	4
ОН 4, ОН 8 ОН 6, ОН 8	Кәсіби қызметтегі инновациялар мен зерттеулер	Қылмыстық сот ісін жүргізудегі инновациялар Қазіргі криминалистикалық ілімдердің әдістемесі	5
ОН 4, ОН 7 ОН 6, ОН 12		Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру Интернет желісіндегі зияткерлік меншік құқықтарын қорғау	5
ОН 5, ОН 7 ОН 5, ОН 9		Мәдени құқықтар және тұлғаның инновациялық әлеуеті Қазақстан Республикасының конституциялық даму модельдері	5
ОН 7, ОН 10	Қазіргі мемлекет және құқық	Қазақстан Республикасындағы құқықшығармашылық процес: теория және практика мәселелері	5
ОН 9, ОН 12		Азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамасын қолдану теориясы және практикасы	5
ОН 8, ОН 9		Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану теориясы және практикасы	5
ОН 2, ОН 10 ОН 7, ОН 10 ОН 9, ОН 12 ОН 8, ОН 9	Құқықтың өзекті мәселелері және салалық заңнаманың даму тенденциялары	Мемлекеттік басқарудың сервистік моделі жағдайындағы мемлекеттік қызмет Зандық техника: теория және практика мәселелері Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері	5
		Құқықтық жүйелердің конвергенциясы жағдайындағы ұлттық қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасы	

ОН 6, ОН 8 ОН 7, ОН 12 ОН 7, ОН 10 ОН 7, ОН 11		Қазіргі заманғы криминологиялық зерттеулер Азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарастыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы істер бойынша іс жүргізу Ұлттық қауіпсіздіктің теориялық-құқықтық аспектілері	5
ОН 6, ОН 9 ОН 7, ОН 10 ОН 8, ОН 9 ОН 9, ОН 12		Әкімшілік деликтілік және процесік-атқарушылық құқық Мемлекеттік билік және басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс Қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау: заң, теория және сот практикасы Қазақстан Республикасының отбасы құқығының даму тенденциялары	5
ОН 9, ОН 11 ОН 3, ОН 11 ОН 2, ОН 9 ОН 1, ОН 11		Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін жаңғырту Қазіргі заманғы компаративистика Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі конституциялық әділет Еуразиялық экономикалық одақ құқығы	5
ОН 1, ОН 11 ОН 9, ОН 12 ОН 6, ОН 8		Халықаралық ұйымдар Шарттық қатынастардағы кінә-талап қою жұмысы Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер және дәлелдеу теориясы	4
ОН 3, ОН 9		Зерттеу тәжірибесі	14
ОН 3, ОН 9	Магистранттың тәжірибелік- зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өту және магистерлік жобаны орындауды қоса алғанда (МТЗЖ)	Магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өту және магистерлік жобаны орындауды қоса алғанда (МТЗЖ)	24
ОН 5, ОН 7	Қорытынды аттестаттау	Магистерлік жобаны рәсімдеу және қорғау	8

Оқыту нәтижелеріне қол жеткізу матрицасы

NN п/п	Пәндердің атауы	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Кре- дит тер саны	Қалыптастырылатын оқыту нәтижелері (кодтар)											
				ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10	ОН 11	ОН 12
НП (ЖК) - 20															
D1	Ғылым тарихы және философиясы	Ғылыми танымның дамуға бейімділігі мен өзгеріп отыратын әлеуметтік-мәдени бейінінің маңыздылығы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Ғылымның философиясы, әдістемесі туралы, ғылым танымдық қызмет және дәстүр ретінде, әлеуметтік институт және қазіргі өркениеттегі мәдениеттің ерекше саласы ретінде сұрақтар қарастырылады.	4			+									
D2	Жоғары мектеп педагогикасы	Жоғары білімнің қазіргі парадигмасы және жоғары мектептегі ғылыми қызмет теориясы туралы түсінік қалыптастыру мақсатында оқытылады. Педагогика, кәсіби мамандарды тәрбиелеу, білім беру ұйымдарында оқытудың кәсіби дағдылары, жоғары мектептегі педагогикалық бақылау және білімді бағалау туралы сұрақтар қарастырылады.	4			+									

D3	Басқару психологиясы	Басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары, менеджер қызметінің құрылымында әлеуметтік-психологиялық білімді пайдалану ерекшеліктері, тиімді басқарудың негізінде жатқан әлеуметтік-психологиялық принциптерді талдау дағдылары, басқару психологиясының теориялық ережелері мен өзекті мәселелері; басқару психологиясының ерекшеліктері, басшының жеке ерекшеліктері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4		+										
D4	Шет тілі (кәсіби)	Курс шет тілі бойынша жалпы ғылыми оқу циклін оқуға арналған. Гуманитарлық білім саласында мәдениетаралық, ғылыми және кәсіби коммуникация құралы ретінде Кәсіби шет тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	4	+											
D5	Педагогикалық тәжірибе	Оқыту барысында магистранттың алған теориялық және қолданбалы кәсіби қызмет тәжірибесін қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Педагогикалық практика оқытудың практикалық дағдылары мен әдістемесін, заманауи білім беру ақпараттық технологияларын қалыптастыруға, зияткерлік және жалпы мәдени деңгейін дамытуға, өзінің болашақ кәсібінің әлеуметтік маңыздылығын түсінуге бағытталған.	4			+		+		+					

НП (ТК) - 15

Д6	Қылмыстық сот ісін жүргізудегі инновациялар	Қылмыстық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қылмыстарды анықтау, ашу, тергеу және алдын алу, сондай-ақ қылмыстық мінезқұлықты болжау мен зерттеудің ұйымдастырушылық, әдістемелік, тактикалық және қолданбалы негіздері сұрақтары қарастырылады.	5				+				+				
Қазіргі криминалистикалық ілімдердің әдістемесі	Құқықтық ақпараттың сандық көздерін пайдалана отырып, қылмыстарды ашу, тергеу бойынша дәлелдеу процесіне криминалистикалық талдауды қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қылмыс механизмі, қылмыс пен қылмыскер туралы ақпарат, криминалистиканың жалпы және жеке теорияларының негізгі ережелері сұрақтары қарастырылады.							+		+					
Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру	Кіріс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатында зияткерлік қызмет нәтижелерін және ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізуді қоса алғанда, ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5				+			+						

	Интернет желісіндегі зияткерлік меншік құқықтарын қорғау	Интернет желісіндегі авторлық құқық объектілерін сақтау және қорғау саласында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының нормаларын қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыру, Интернет желісіндегі зияткерлік меншікті басқару саласындағы қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мәселелерін анықтау мақсатында оқытылады.							+						+
	Мәдени құқықтар және тұлғаның инновациялық әлеуеті	Қазақстан Республикасындағы және қазіргі әлемдегі адам мен азаматтың мәдени құқықтары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Адамның мәдени құқықтарының генезисі мен жүйесі, мәдени құқықтарды іске асыру және қорғау тәжірибесі, сондай-ақ тұлғаның инновациялық әлеуеті туралы мәселелер қарастырылады.	5					+		+					
	Қазақстан Республикасының конституциялық даму модельдері	Қазақстанның конституциялық құрылысының ұйымдастырылуы және қызмет етуі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Конституционализмнің теориялық-құқықтық негіздері, бастауынан бастап қазіргі заманға дейінгі Қазақстан Республикасының конституциялық даму модельдері, Қазақстанда конституциялық құқықты одан әрі дамытудың сұрақтары электрондық ақпараттық сервистерді пайдалана отырып қарастырылады.						+				+			

БП (ЖК) -15

D7	Қазақстан Республикасындағы құқықшығармашылық процес: теория және практика мәселелері	Қоғамда қалыптасқан сан алуан қатынастарды реттейтін нормалар жүйесін құруға және жетілдіруге бағытталған мемлекеттің ұйымдастырушылық-ресімделген қызметі ретінде құқықшығармашылық туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Құқықшығармашылық нәтижелерінің тиімділігін талдау және бағалау, құқық қалыптастырушы факторлардың құқық қолдану практикасына әсері сұрақтары қарастырылады.	5							+			+		
D8	Азаматтық және азаматтық іс жүргізу заңнамасын қолдану теориясы және практикасы	Азаматтық және азаматтық іс жүргізу құқығы ғылымының негізгі теориялық ережелері мен құқық қолдану практикасының мәселелері туралы терең теориялық білімді, заңгердің құқықтық ойлауы мен құқықтық санасын дамыту, заң тұрғысынан құқықтық мәселелерді талдауға және шешуге көзқарастарын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5								+				+

D9	Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану теориясы және практикасы	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, тергеу-сот практикасын, статистикалық деректерді, қылмыстық-процестік нормаларды қолдану практикасын және қылмыстық-процестік қызметті талдау негізінде қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану ерекшелігі туралы білімді және қоғамдық қауіпті әрекеттерді саралау дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5									+	+			
БП (ТК) – 38																
D10	Мемлекеттік басқарудың сервистік моделі жағдайындағы мемлекеттік қызмет	Негізін мемлекеттік органдар жұмысының жоғары тиімділігін, құзыреттілігін қамтамасыз етуге бағдарланған мемлекеттік қызмет кадрлары құрайтын мемлекеттік басқарудың сервистік моделі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Заманауи әкімшілік реформаның міндеттері, кәсібилікті, мемлекеттік аппарат қызметінің нәтижелігін арттыру туралы сұрақтар қарастырылады.	5		+									+		

	<p>Заңдық техника: теория және практика мәселелері</p>	<p>Заңдық техниканы ғылыми-зерделенген және құқықтық практикамен дәлелденген заң шығару ережелері ретінде, сондай-ақ құқықшығармашылық сапасын қамтамасыз етудегі және заңнаманы жүйелеудегі рөлі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Заң шығару нәтижелерін талдау және бағалау, заң шығару процесіне әсер ететін факторлар туралы сұрақтар қарастырылады.</p>								+			+		
	<p>Қазақстан Республикасында тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың өзекті мәселелері</p>	<p>Тұтынушылардың қатысуымен болатын қатынастарды құқықтық реттеу механизмінің өзекті мәселелері мен ерекшеліктері туралы теориялық білімді қалыптастыру, азаматтық-құқықтық нормаларды практикалық қолдану дағдыларын игеру; азаматтық құқық теориясын игеруге әдістемелік көмек көрсету; цивилистика саласындағы магистрлердің ғылыми дүниетанымын қалыптастыру мақсатында оқытылады.</p>									+			+	

	Құқықтық жүйелердің конвергенциясы жағдайындағы ұлттық қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасы	Ұлттық қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу құқықтық жүйесінің конвергенция процестеріндегі негізгі тенденциялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Конвергенция немесе дивергенция тұрғысынан өзге құқықтық отбасылар немесе құқықтық жүйелер шеңберінде қалыптастырылған халықаралық стандарттарды, қағидаттарды, институттарды имплементациялау туралы сұрақтар қарастырылады.	5							+	+			
	Қазіргі заманғы криминологиялық зерттеулер	Жеке криминологиялық теориялар туралы білімді қалыптастыру және криминологиялық зерттеулер жүргізу дағдыларын дамыту мақсатында оқытылады. Қылмыс, оның өзін-өзі анықтауы және өмірдің әртүрлі салаларына әсері, қылмыс туралы заңнаманың негізделгендігі, қылмысқа қарсы күресті ұйымдастырудың қазіргі кезеңдегі мәселелері қарастырылады.					+		+					
	Азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарастыру ерекшеліктері	Құқықтың әртүрлі салалары теориясының ережелерін талдауға негізделген азаматтық істердің жекелеген санаттарын қарастыру рәсімінің ерекшеліктері туралы білімді, сондай-ақ азаматтық, тұрғын үй, отбасылық, мұрагерлік, еңбек, әкімшілік, жер, экологиялық және басқа да заңнама нормаларын қолдану дағдыларын қалыптастыру мақсатында оқытылады.					+							+

	Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы істер бойынша іс жүргізу	Азаматтық мәселелері бойынша өтініштер мен ұсынымдарды қарау, шешімдерді орындау және шағымдану, алған білімдерін заңгердің кәсіби қызметінде қолдану дағдылары бойынша іс жүргізу саласында білім қалыптастыру мақсатында оқытылады. Азаматтық алу құқығына байланысты заңнаманы іс жүзінде қолдану сұрақтары қарастырылады.								+			+		
	Ұлттық қауіпсіздіктің теориялық-құқықтық аспектілері	Адамның, қоғамның және мемлекеттің сыртқы және ішкі қатерлерден қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттар мен мемлекеттік стратегияға, қазіргі кезеңдегі құқықтық реттеудің тиімділігіне ресми қабылданған көзқарастардың жиынтығы ретіндегі ұлттық және халықаралық қауіпсіздік жүйесі туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5							+				+	
	Әкімшілік деликтілік және процестік-атқарушылық құқық	Әкімшілік деликтілік және процестік-атқарушылық құқық саласында, осы салалардағы заңнаманың мазмұны және оны қолдану практикасы туралы білім мен дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Әкімшілік жауапкершілік қағидаттарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу кезеңдерін реттейтін сұрақтар қарастырылады.						+				+			

	Мемлекеттік билік және басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс	Мемлекеттік билік және басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің теориялық-әдістемелік мәселелері туралы білімді қалыптастыру, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы іс-шаралардың жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу мақсатында оқытылады.									+			+		
	Қылмыстық құқықбұзушылықтарды саралау: заң, теория және сот практикасы	Қолданыстағы заңнамаға дәлме-дәл сәйкестікте қылмыстарды саралау бойынша білім мен практикалық дағдыларды қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қылмыстық-құқықтық доктринаның, қылмыстық заңда көрсетілген әрекеттерді бағалау бойынша саралау ережелерін, даулы құқықтық жағдайларда өз ұстанымын қалыптастыру мәселелері қарастырылады.									+	+				

	Қазақстан Республикасының отбасы құқығының даму тенденциялары	Қоғамдық қатынастарды отбасылық-құқықтық реттеудің ерекшеліктері, отбасылық құқықтық қатынастардың мәнін және оның элементтерін түсіндірудің тұжырымдамалық көзқарастары, отбасылық құқықтардың мазмұны, оларды іске асыру және қорғау тәртібі, отбасы құқығы бойынша жауапкершілік түрлері туралы теориялық білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады.	5								+			+
	Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін жаңғырту	Қоғам дамуының объективті заңдылықтарымен негізделген, құқықтық құбылыстардың тұтас кешені ретіндегі құқықтық жүйе туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Мемлекет дамуының стратегиялық бағытын айқындаған Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін жаңғырту кезеңдері, сондай-ақ мемлекеттік институттардың жаңа жүйелері қарастырылады.									+		+	

	Қазіргі заманғы компаративистика	Құқықтық ғылыми зерттеулердің кешенді бағыты, құқықтық дамудың негізгі тенденциялары және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына әсер ету процестері ретіндегі заманауи компаративистика туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Құқықтық жүйелерді жіктеу өлшемдері туралы мәселелер қоғамдық дамудың қазіргі жағдайы тұрғысынан қарастырылады.			+								+		
	Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі конституциялық әділет	ҚР және шет елдердегі конституциялық әділет жүйесін құқықтық реттеу, Қазақстандағы конституциялық сот төрелігінің мәселелері мен болашағы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Конституциялық әділет үлгілері, конституциялық-құқықтық рәсімдер туралы мәселелер қарастырылады, Қазақстан мен шет елдердің конституциялық-құқықтық заңнамасына талдау жүргізіледі.		+						+					

	Еуразиялық экономикалық одақ құқығы	ЕАЭО қызметін жүзеге асырудың ұйымдастырылуы, қағидаттары мен әдістері туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. ЕАЭО даму кезеңдері, қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер, Қазақстан Республикасы мен ЕАЭО-дағы басқа мемлекеттердің қызметіне салыстырмалы-құқықтық талдау, ЕАЭО құқығын қолдану практикасы сұрақтары қарастырылады.	4	+										+	
	Халықаралық ұйымдар	Халықаралық ұйымдардың халықаралық бейбітшілік пен ынтымақтастықты қолдау құралы ретіндегі рөлі, олардың құқықтық табиғаты, құзыреттері, құқықсубъектілігі мен функциялары туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Қазақстанның халықаралық деңгейдегі әртүрлі ұйымдардағы рөлі мен орны, олармен қарым-қатынасты дамыту перспективалары туралы сұрақтар қарастырылады.		+										+	

	Шарттық қатынастардағы кінә-талап қою жұмысы	Сотқа дейінгі және соттық рәсімдерді пайдалана отырып, азаматтық-құқықтық шарттарды орындау кезіндегі дауларды реттеу саласындағы ұйымдардың құқық қабілеттілігін іске асыруға мүмкіндік беретін кінә-талап қою жұмысы туралы білімді қалыптастыру мақсатында оқытылады. Азаматтық құқықтарды соттық қорғаудың теориясы мен практикасы, заңнаманы дамыту мәселелері қарастырылады.										+			+
	Қылмыстық іс жүргізудегі дәлелдемелер және дәлелдеу теориясы	Қылмыстық іс жүргізу саласындағы танымдық процестің заңдылықтары туралы білімді қалыптастыру, дәлелдеу саласындағы заң жобасының, құқыққолданудың және танымдық қызметтің өзекті мәселелерін түсіну мақсатында оқытылады. Дәлелдемелерді сыни талдау дағдылары, іс бойынша қабылданатын іс жүргізу шешімдерін негіздеу және уәждеу дағдылары алынады.					+		+						

D11	Зерттеу тәжірибесі	Отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерін зерделеу, инновациялық әдістерді, ғылыми зерттеулер жүргізу әдістемелерін, қойылған міндеттерді шешу құралдары мен әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын бекіту, ғылыми зерттеуде эксперименттік деректерді өңдеу және түсіндіру мақсатында жүргізіледі.	14			+						+			
МҒЗЖ - 24															
D12	Магистранттың тәжірибелік-зерттеу жұмысы, тағылымдамадан өту және магистерлік жобаны орындауды қоса алғанда (МТЗЖ)	Заманауи ақпараттық технологияларды қолдана отырып, ақпараттық-библиографиялық жұмыс. Магистранттың жеке жоспарын, магистранттың ғылыми-зерттеу жұмыстарының орындалуы туралы есепті, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі авторефератты құрастыру. Магистрлік диссертация жазу, компьютерлік және білім беру бағдарламалары талаптарын зерттеу.	24			+						+			

Оқыту және бағалау әдістерімен жоспарланған оқыту нәтижелерін келісу

Оқу нәтижелерінің коды	Оқу нәтижелері	Оқыту әдістері	Бағалау әдістері
ОН 1	Кәсіби, іскерлік және ғылыми қызмет саласында мемлекеттік және шет тілдерді еркін пайдалана алады.	кейс-әдіс	ғылыми мақала
ОН 2	Мемлекеттік органдар, мемлекеттік және жеке ұйымдар жүйесінде басқару функцияларын жүзеге асырады; ұжымда міндеттерді басқару және бөлу кезінде стратегиялық ойлау, шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді.	пікірталас зерттеу әдісі	эссе
ОН 3	Ғылым тарихы мен философиясы, жоғары мектеп педагогикасы, басқару психологиясы, кәсіби қызмет саласындағы дәстүрлі және заманауи мәселелерінің теориялық, әдіснамалық негіздері туралы білімін қолданады.	дөңгелек үстел	презентация зерттеу жобасы
ОН 4	Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында және қылмыстық сот ісін жүргізуде зерттеу және практикалық міндеттерді шешу барысында IT-технологияларды пайдаланады.	интерактивті дәріс мильық шабуыл	эссе жоба дайындау
ОН 5	Конституциялық даму моделін қалыптастыру үрдістері мен шарттарын талдайды; жеке тұлғаның мәдени құқықтарын іске асыру және оның инновациялық әлеуетін дамыту үшін электрондық ақпараттық сервистерді пайдаланады.	кейс-әдіс пікірталас	баяндама
ОН 6	Бизнес, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу саласындағы деректерді талдау және басқару құралдарын меңгерген, технологиялар мен ақпараттық деректер банкін пайдалана отырып сандық ортада жұмыс істеу дағдыларын көрсетеді.	кейс-әдіс интерактивті дәріс	жоба дайындау презентация
ОН 7	Нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалары мен жобаларын әзірлеу дағдыларын, арнайы заңдық техниканы меңгереді, бизнес-ортаға заң мәселелері бойынша кеңес береді, азаматтық туралы істер, ұлттық қауіпсіздік, азаматтар мен	интерактивті дәріс пікірталас	эссе ғылыми мақала

	ұйымдардың мәдени құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша практикалық жағдайларға заңнама нормаларын қолданады.		
ОН 8	Қазіргі заманғы құқықтық жүйелердің интеграциясы мен конвергенциясы жағдайында қылмыстық саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын, туындайтын мәселелерді шешу жолдарын талдайды, ұлттық қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, дәлелдеу теориясын, криминология мен криминалистиканы жетілдіруді бағалайды.	дөңгелек үстел модельдеу	тест
ОН 9	Конституциялық даму модельдері, конституциялық әділет жүйесі және Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін жаңғырту туралы білімін түсіндіреді; конституциялық, қылмыстық, азаматтық, отбасылық, әкімшілік, іс жүргізу заңнамасын жетілдіруді негіздейді.	интерактивті дәріс анықтамалық құқықтық жүйелермен жұмыс	презентация зерттеу жобасы
ОН 10	Құқықшығармашылық процестің, заңнаманың, құқыққолданудың, құқықтық мәдениеттің, мемлекеттік басқарудың сервистік моделі жағдайындағы мемлекеттік қызметтің, мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің теориясы мен практикасын жетілдіру жолдарын бағалайды.	дөңгелек үстел пікірталас	эссе реферат
ОН 11	Шетелдік құқықтық жүйелерді, халықаралық-құқықтық ұйымдарды, еуразиялық-құқықтық институттарды зерттеуде салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін пайдаланады, қазіргі заманғы құқықтық дамудың мазмұны мен мәселелеріне, ЕАЭО және ҚР заңнамаларына ғылыми талдау жүргізеді.	интерактивті дәріс анықтамалық құқықтық жүйелермен жұмыс	презентация
ОН 12	Азаматтық-құқықтық қатынастарды, азаматтық істердің жекелеген санаттарын реттеу саласындағы мәселелерді бағалайды, отбасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік саласындағы азаматтық заңнама нормаларын қолданады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу саласындағы практикалық мәселелерді шешу дағдылары мен біліктілігін тәжірибеден өткізеді.	пікірталас кейс-әдіс	жоба дайындау презентация

Оқу нәтижелерінің қол жетімділігін бағалау критерийлері

ОН кодтары	Критерийлер
ОН 1	<p>Біледі: мемлекеттік және шет тілдерді коммуникация және зерттеу жүргізу үшін жеткілікті көлемде біледі</p> <p>Істей алады: күнделікті, мәдени, оқу және танымдық қарым-қатынас салалары тақырыптары бойынша мәтіннің негізгі мағынасын жеткізе алады</p> <p>Меңгерген: ғылыми терминологияны, тілдік пәндер бойынша тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын меңгерген</p>
ОН 2	<p>Біледі: Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын ұйымдастыруды және оның жұмыс істеуін реттейтін маңызды нормативтік актілерді біледі</p> <p>Істей алады: ҚР конституциялық құқығының мәселелерін анықтап, одан әрі дамыту үшін шаралар әзірлей алады</p> <p>Меңгерген: стратегиялық ойлау және шешім қабылдау, ұжымдағы міндеттерді басқару және бөлу дағдыларын меңгерген</p>
ОН 3	<p>Біледі: доктрина мен құқықтық теорияның құрылымын, құрамы мен функцияларын, құқықтың негізгі әлеуметтік функцияларын біледі</p> <p>Істей алады: алған білімі мен дағдыларын мемлекеттік институттар мен құқықтық жүйелердің рөлін түсіндіруде және бағалауда, теориялық, тарихи және философиялық мәселелерді шешу жолдарын анықтауда қолдана алады</p> <p>Меңгерген: әлеуметтік процестер мен құбылыстарды сипаттау үшін ғылыми әдістерді, жүргізілген зерттеуді түсіндіру үшін заңдық терминологияны қолдану дағдыларын меңгерген</p>
ОН 4	<p>Біледі: ұлттық заңнама салаларының негізгі ұғымдарын, олардың құқықтық жүйедегі рөлін, қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттеу механизмін, девиантты мінез-құлық ерекшеліктерін біледі</p> <p>Істей алады: ғылыми-зерттеу, жобалау сипатындағы тапсырмалар мен жұмыстарды орындау кезінде дәстүрлі және инновациялық, жалпы ғылыми және арнайы-құқықтық таным әдістерін үйлестіре алады, қоғамдық тәжірибені пәнаралық салаларға бейімдеп қолдана алады</p> <p>Меңгерген: әлеуметтік құбылыстарға қатысты, коммерцияландыру, практикалық қызмет бойынша жұмыста, құқықтық ақпаратты іздеу, талдау, түсіндіру және пайдалануда, әртүрлі өмірлік жағдайларда заңға сәйкес мінез-құлық пен іс-әрекет нысандарын таңдауда өз ұстанымын анықтау қабілетін меңгерген.</p>
ОН 5	<p>Біледі: құқықтану саласындағы халықаралық және ұлттық стандарттардың негізгі ережелерін, қоғамдық қатынастарды салалық реттеу негіздерін біледі, өзінің кәсіби қызметінде заңның кез келген бұзылуына төзбеушілік сезімі қалыптасқан</p> <p>Істей алады: құқықтық ғылым ұғымдарымен жұмыс істей алады, құқықтық фактілерді және соған байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды, сондай-ақ нормативтік құқықтық актілерді талдай алады, ғылыми ұсынымдарды практикалық қызметте қолдана алады</p> <p>Меңгерген: құқықтық актілер мен құқықтық жағдайларды зерттеуді жүзеге асыру бойынша басқа адамдармен өзара іс-</p>

	қимылдың тиімділігін қамтамасыз ететін, өзінің инновациялық әлеуетін дамытатын қасиеттерді меңгерген
ОН 6	Біледі: құқықты іске асыру және қолдану саласында қолданылатын негізгі құқықтық ұғымдарды, құқықшығармашылық қызметінің мәні мен әлеуметтік-саяси сипатын, құқыққолдану процесіндегі құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің рөлін біледі, жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қайсарлық пен тәуелсіздікке ие Істей алады: әртүрлі әлеуметтік факторларды және олардың құқықты дайындау және қалыптастыру процесіне әсерін зерттей алады; мемлекеттік органдардың құқықшығармашылық қызметінің ерекшеліктерін айқындай алады, сандық және анықтамалық дерекқорларды пайдалана алады Меңгерген: құқыққолдану актілерін сандық форматта дайындау, оларды кәсіби қызмет саласында тиімді іске асыру дағдыларын меңгерген
ОН 7	Біледі: іргелі құқықтық және әлеуметтік құндылықтарды, мемлекеттік-құқықтық институттар қызметінің мазмұнын біледі Істей алады: зерттелетін құбылыстарды, объектілер мен процестерді жүйелеу, жалпылау және саралау үшін алынған білімді синтездейді, құқық және этика саласындағы білім негізінде жасалған дәлелді қорытындылар мен пайымдауларды тұжырымдайды Меңгерген: мемлекеттің даму факторларын, функцияларын, стратегиясы мен мәселелерін бағалау, құқықтар мен бостандықтарды іске асыру тәсілдерін айқындау, бұзылған құқықтарды қорғау, білікті заң көмегін көрсету, өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысу, білімді қоғамға қызмет етуге бағыттап, мәселелерді шешуге шығармашылықпен қолдану үшін қажетті дағдыларды меңгерген
ОН 8	Біледі: теріс әлеуметтік құбылыс ретіндегі қылмыстың белгілері мен мазмұнын, мемлекеттегі құқықтық тәртіп пен заңдылықтың маңызын біледі Істей алады: криминологиялық жағдайды сауатты бағалайды, заңдық мәселелер бойынша кеңес және түсініктемелер береді; өтініштер, шағымдар және құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды құрастыра алады; мемлекеттік және сот органдарында азаматтардың мүдделерін білдіре алады Меңгерген: қылмыстық-құқықтық ықпал ету құралдарымен қоғамға қауіпті іс-әрекеттерге қарсы іс-қимыл дағдыларын, құқықтық қорғау объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қабілетін, қылмыстық-құқықтық циклдің қолданыстағы заңнамасын сыни талдау дағдыларын, оны жетілдіру мақсатында, қылмыстық құқық ғылымының мәселелерінде бағдарлануды меңгерген
ОН 9	Біледі: құқықтық терминдердің мазмұнын, мағынасын, деңгейлерін, түрлерін, құқықтық құбылыстар мен процестерді зерттеу әдістерін, салалық заңнаманың ерекшелігін, қазіргі жағдайда қылмысқа әсер ету стратегияларын біледі Істей алады: заңнамадағы ақаулықтар мен сәйкессіздіктерді, оны қолданудың күрделілігін және еңсеру жолдарын анықтайды, мемлекеттік билік және басқару органдарының құқықшығармашылық қызметінің нәтижелеріне талдау және бағалау жүргізеді, құқықшығармашылық процесінің тенденцияларын болжайды және алдын алу іс-шараларын әзірлейді Меңгерген: әртүрлі мәселелерді құқықтық нормаларға сәйкес сындарлы шешу дағдыларын меңгерген
ОН 10	Біледі: қазіргі әлемдегі әлеуметтік және технологиялық инновациялық даму тұрғысынан адам құқықтары мен сыбайлас

	<p>жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы ұлттық заңнама мен өңірлік стандарттардың нормаларын біледі</p> <p>Істей алады: нақты құқықтық нормаларды пайдалану арқылы адам құқықтарын қорғауды кәсіби қамтамасыз ете алады, құқық қолдану қызметін жүзеге асырады</p> <p>Меңгерген: алынған дағдыларды әртүрлі құқықтық жағдайларда іс-қимыл жүйесіне синтездеу, құқықтық зерттеу әдістері туралы түсінігін дербес кеңейту дағдыларын меңгерген</p>
ОН 11	<p>Біледі: әлеуметтік өзара іс-қимылды және құқықтық мінез-құлықты реттеудің ерекшелігін, Еуразиялық экономикалық одақтың пайда болуының алғышарттарын, оның қалыптасу кезеңдерін; құқықтық институттардың, құқықтық саладағы санаттардың жалпы сипаттамасын біледі</p> <p>Істей алады: Еуразиялық экономикалық Одақтың қызметін реттейтін салыстырмалы-құқықтық зерттеулердің әртүрлі нысандарын синтездейді, нормативтік-құқықтық актілерді талдайды; құқықтық нормаларды түсіндірудің терминологиясымен, нысандарымен және әдістерімен жұмыс істей алады</p> <p>Меңгерген: кеден қатынастарын реттейтін заңнама, құқыққолдану практикасы мәселелерінде, құқықтану саласындағы мәселелерді талдау және шешуде құзыреттілікке ие</p>
ОН 12	<p>Біледі: цивильдік құқық нормаларын олардың бірлігі мен алуан түрлілігінде, азаматтық-құқықтық құбылыстардың мәнін, сипатын және өзара әрекеттестігін біледі</p> <p>Істей алады: әлеуметтік әділеттілік қағидатын ескере отырып, іс-қимыл алгоритмдерін синтездейді, іс бойынша қабылданатын іс жүргізу және құқықтық шешімдерді негіздей және уәждей алады</p> <p>Меңгерген: құқық субъектілерінің заңнаманы сақтауын қамтамасыз ету, нормаларды жүйелі талдау негізінде заңның шынайы мәнін түсіну, аналитикалық қызмет дағдыларын, қабылданатын шешімдердің салдарын бағалау қабілетін меңгерген</p>








Түлек моделі

Құзыреттілік түрлері	Құзыреттіліктер сипаттамасы
1. Мінез-құлық дағдылары және жеке қасиеттер: (Softskills)	<ul style="list-style-type: none"> - Кәсіби, іскерлік және ғылыми қызмет саласында мемлекеттік және шет тілдерді еркін пайдалана алады. - Мемлекеттік органдар, мемлекеттік және жеке ұйымдар жүйесінде басқару функцияларын жүзеге асырады; ұжымда міндеттерді басқару және бөлу кезінде стратегиялық ойлау, шешім қабылдау дағдыларын көрсетеді. - Ғылым тарихы мен философиясы, жоғары мектеп педагогикасы, басқару психологиясы, кәсіби қызмет саласындағы дәстүрлі және заманауи мәселелерінің теориялық, әдіснамалық негіздері туралы білімін қолданады.
2. Сандық құзыреттер: (Digital skills)	<ul style="list-style-type: none"> - Ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру саласында және қылмыстық сот ісін жүргізуде зерттеу және практикалық міндеттерді шешу барысында ІТ-технологияларды пайдаланады. - Конституциялық даму моделін қалыптастыру үрдістері мен шарттарын талдайды; жеке тұлғаның мәдени құқықтарын іске асыру және оның инновациялық әлеуетін дамыту үшін электрондық ақпараттық сервистерді пайдаланады. - Бизнес, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқықбұзушылықтардың алдын алу саласындағы деректерді талдау және басқару құралдарын меңгерген, технологиялар мен ақпараттық деректер банкіні пайдалана отырып сандық ортада жұмыс істеу дағдыларын көрсетеді.
3. Кәсіби құзыреттер: (Hardskills)	<ul style="list-style-type: none"> - Нормативтік құқықтық актілердің тұжырымдамалары мен жобаларын әзірлеу дағдыларын, арнайы заңдық техниканы меңгереді, бизнес-ортаға заң мәселелері бойынша кеңес береді, азаматтық туралы істер, ұлттық қауіпсіздік, азаматтар мен ұйымдардың мәдени құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша практикалық жағдайларға заңнама нормаларын қолданады. - Қазіргі заманғы құқықтық жүйелердің интеграциясы мен конвергенциясы жағдайында қылмыстық саясатты іске асырудың негізгі бағыттарын, туындайтын мәселелерді шешу жолдарын талдайды, ұлттық қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу заңнамасын, дәлелдеу теориясын, криминология мен криминалистиканы жетілдіруді бағалайды. - Конституциялық даму модельдері, конституциялық әділет жүйесі және Қазақстанның ұлттық құқықтық жүйесін жаңғырту туралы білімін түсіндіреді; конституциялық, қылмыстық, азаматтық, отбасылық, әкімшілік, іс жүргізу заңнамасын жетілдіруді негіздейді. - Құқықшығармашылық процестің, заңнаманың, құқыққолданудың, құқықтық мәдениеттің,

	<p>мемлекеттік басқарудың сервистік моделі жағдайындағы мемлекеттік қызметтің, мемлекеттік билік пен басқару жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенстің теориясы мен практикасын жетілдіру жолдарын бағалайды.</p> <p>- Шетелдік құқықтық жүйелерді, халықаралық-құқықтық ұйымдарды, еуразиялық-құқықтық институттарды зерттеуде салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін пайдаланады, қазіргі заманғы құқықтық дамудың мазмұны мен мәселелеріне, ЕАЭО және ҚР заңнамаларына ғылыми талдау жүргізеді.</p> <p>- Азаматтық-құқықтық қатынастарды, азаматтық істердің жекелеген санаттарын реттеу саласындағы мәселелерді бағалайды, отбасы, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, зияткерлік меншік саласындағы азаматтық заңнама нормаларын қолданады. Азаматтық-құқықтық жауапкершілікті құқықтық реттеу саласындағы практикалық мәселелерді шешу дағдылары мен біліктілігін тәжірибеден өткізеді.</p>
--	---




Жұмыс тобының мүшелері:

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының профессоры
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының аға оқытушысы
Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі
Халықаралық және конституциялық құқық кафедрасының меңгерушісі
Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі
Қылмыстық құқық, процесс және криминалистика кафедрасының меңгерушісі

 Н.С. Ахметова
 К.К. Райханова
 К.Т. Байжанова
 А.Б. Сопыханова
 Р.Б. Ботагарин
 М.Т. Акимжанова
 Л.К. Кусаинова

Білім беру бағдарламасы факультет Кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2023 ж. хаттама № 11
Білім беру бағдарламасы университеттің Академиялық кеңесі отырысында қарастырылды «28» 04 2023 ж. хаттама № 5
Білім беру бағдарламасы университеттің Басқарма отырысында қарастырылды және бекітілді «30» 05 2023 ж.. хаттама № 12

Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі Проректор
Академиялық жұмыс департаменті директорының м.а.
Заң факультетінің деканы

 Т.З. Жүсіпбек
 С.А. Смаилова
 А.М. Серикбаев

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ДАМЫТУ ЖОСПАРЫ
7M04206 – Құқықтану

Жоспардың мақсаты – еңбек нарығының өзекті талаптары мен қазіргі заманғы ғылымның жетістіктерін ескере отырып, білім беру бағдарламасын іске асыру жағдайларының сапасын арттыруға жәрдемдесу.

Мақсатты индикаторлар

№	Индикаторлар	Өлшем бірл.	2023-2024 (жоспар)	2024-2025 (жоспар)	2025-2026 (жоспар)	2026-2027 (жоспар)
1	Кадрлық потенциалды дамыту					
1.1	Ғылыми дәрежесі бар оқытушылар санының өсуі	Адам саны	2	2	3	2
1.2	Оқыту бейіні бойынша біліктілікті арттыру	Адам саны	9	12	10	10
1.3	Оқытуға практик-мамандарды тарту	Адам саны	2	1	1	2
1.4	Басқа	Адам саны				
2	Рейтингтердегі БББ жылжыту					
2.1	НАОКО	Позициясы				5
2.2	НААР	Позициясы				5
2.3	Атамекен	Позициясы				
3.	Оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, электрондық ресурстарды әзірлеу					
3.1	Оқулықтар	Саны			1	1
3.2	Оқу құралдары	Саны		1	2	2
3.3	Әдістемелік ұсынымдар / нұсқау	Саны		1	1	1
3.4	Электронды оқулық	Саны		2	2	3
3.5	Видео/аудиодәріс	Саны		3	3	3
3.6	Басқа	Саны				
4.	Оқу және зертханалық базаны дамыту	Саны				
4.1	Бағдарламалық өнімдерді сатып алу	Саны	1	1	1	1
4.2	Жабдықтарды сатып алу	Саны	3	3	1	1

4.3	Басқа	Саны				
5.	БББ мазмұнын өзектендіру					
5.1	Еңбек нарығының талаптарын, ғылым жетістіктерін, кәсіптік стандарттарды ескере отырып, оқыту нәтижелерін және пәндер тізбесін жаңарту	Жыл			+	+
5.2	БББ-на шет тілдеріндегі оқу пәндерін енгізу*	Жыл			+	+
5.3	Оқытудың жаңа әдістерін енгізу	Жыл				
5.4	ББ базасында бірлескен / екі дипломды бағдарламаны ашу	Жыл		+	+	+
5.5	Басқа	Жыл			+	

Мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі
 Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі
 Азаматтық және еңбек құқығы кафедрасының меңгерушісі
 Қылмыстық құқық, іс жүргізу және криминалистика кафедрасының меңгерушісі

А.Б. Сопыханова
 Р.Б. Ботагарин
 М.Т. Акимжанова
 Л.К. Кусаинова